

«Бекітемін»  
Мектеп директоры  
М.Ж. Дүйсенбаев



«Келісемін»  
Оқу ісінің орынбасары  
А.Б. Абдуайтова

«Қаралды»  
ӘБ жетекшісі  
Хаттама № 1 «А» 17 2021

## Вариативтік компонент жоспары

«Көркем жазу»

Мектепалды даярлық топ

Тәрбиеші: Нысанбай Л.А

2021-2022 оқу жылы

## Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Сөз және сөйлем

**Мақсаты:** балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Сурет бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. сөз , дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатын, дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	1.Балалар шаттық шеңберіне тұрады .	Бір-бірлеріне жылы лебіздерін біздіреді.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>1.Дәптерде берілген суреттер бойынша сөйлем құрастыру. (<i>Асқар ұшақпен ұшты. Айгүл автобуста отыр. Ұшақ ұшты. Балалар трамвайға отырды.</i>)</p> <p>Суретте бейнеленген көліктердің ішінен артық затты тауып қоршау. (Артық зат: парта. Өйткені бірнеше көліктің суреті берілген. Порта көлікке жатпайды.)</p> <p><b>2.Сергіту сәті :</b></p> <p>Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық.</p> <p>3.Жұмбақтар шешу. Жұмбақтардың шешуі болған сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлемдер құрастырту.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Темір тұлпар гүрілдеп, соқасын жүр сүйреп. (Трактор)</li> <li>2. Темір арба жолы- темір жол, тек қала ішінде жүреді ол. (Трамвай)</li> </ol> <p>Педагог балаларға «Не істедің?» дидактикалық ойыны арқылы оқу іс-әрекетін жалғастыру. Ойынның шарты: аудиотаспадан жануарлардың дауыстарын және балғаның дауысын тыңдатып, ненің дауысы екенін ажырату.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сонымен , балалар , естіген дауыстарды тағы қалай айтуға болады?</li> <li>- Дыбыс.</li> <li>- Дыбыстар әртүрлі болады. Мысалы: <i>а-а-а</i> деп, <i>а</i> дыбысын созып айтуға болады, дауыс еркін шығады. Ал енді кейбір дыбыстардың айтылуы қысқа</li> </ul>	<p>Жұмбақтың шешуін табады. Гүл туралы білетіндерін әңгімелейді.</p> <p>Сөйлем туралы түсініп, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды толық орындайды. Сурет бойынша сөйлем құрастырады.</p> <p>Жаттығуды орындайды</p> <p>Жұмбақтарды шешеді</p> <p>Штрих сызықтарды қосып, сурет бойынша әңгіме құрастырады.</p>

	болады.	
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сабақты қорытындылау. Сұрақтар қою Балаларды мадақтау	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** сөйлем туралы түсінік қалыптастыру.

**Білуі тиіс:** сурет бойынша сөйлемнің не екендігін түсініп біледі, сөйлем құрастыра алады.

**Түсінігі:** сөздерді бір-бірімен қатыстыра отырып, сөйлемнің құралатынын түсінеді.

**Көрсете білуі:** сұрақтарға жауап беру, ойынды шапшаңдықпен ойнауды үйренеді.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Дыбыс және әріп.

**Мақсаты:** дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорын молайту. Топтық жұмыста бір-біріне көмектесуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>1. Оқу іс-әрекеті педагогтың жан-жануарлар жөнінде әңгімесінен басталады.</p> <p>-Төрт түлікке қандай мал жатады?</p> <p>-Түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі.</p> <p>-Олардың төлдері қалай аталады?</p> <p>-Түйенің төлі-бота, жылқының төлі-құлын, сиырдың төлі-бұзау, қойдың төлі-қозы, ешкінің төлі-лақ.</p> <p>Педагог балалардың жауаптарын қорытындылайды.</p> <p>2. Педагог «Ала бұзау» (авт. Ерешова К.) атты әңгімені оқып береді.</p> <p>Ала бұзау</p> <p>Ескендір күнде ала бұзауына сүт беріп, көгорай шөпке жайып, қамқорлық жасап жүрді. Бір күні ала бұзау тоғайда жүрген малға қосылып кетті. Ескендір бұзауын іздеп тоғайға келді. Бір кезде қатты жел соқты.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жел соққанда қандай дыбыс шығады?</li> <li>• Жел уілдейді.</li> <li>• У-у-у-у.</li> </ul> <p>Желдің әсерінен ағаштардың жапырағы шулайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қандай дыбыс естіледі?</li> </ul>	<p>Жануарлар туралы әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Әңгімені тыңдайды.</p> <p>Сұрақтарға бірлесе жауап беріп, дыбыстайды.</p> <p>Әр жануарларды дұрыс дыбыстауға</p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ш-ш-ш-ш.</li> </ul> <p>Тоғай ішінде жүру өте қиын болды. Маса да ызыңдап, мазасын алды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Маса қандай дыбыс шығарады?</li> <li>• З-з-з-з.</li> </ul> <p>Ескендір қасында еріп келе жатқан ақтөстің ырылдаған дыбысын естіді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ит қандай дыбыс шығарады?</li> <li>• Р-р-р-р.</li> </ul> <p>Ескендір айналасына қарады. Шөп арасында басын көтеріп, Ақтөске қарап айбат шегіп тұрған жыланды байқады. Жылан Ақтөске қарап ысылдап тұр екен.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• С-с-с-с.</li> </ul> <p>Жыланды көрген Ескендір қорыққанынан өсіп тұрған емен түбіне қарай шегінді. Ыжылдаған дыбысты құлағы шалды. Ол еменнің бұтағына орналасқан араның ұясын көрді. Ыжылдаған аралар екен.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ж-ж-ж-ж.</li> </ul> <p>Ескендір ала бұзауын шақырды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кәне, балалар, бұзауды шақыруға көмектесейікші:</li> <li>• Ауқау-ауқау-ауқау!</li> </ul> <p>Жақын жерден бұзаудың мөңіреген дауысы естілді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мө-мө-мө-мө.</li> </ul> <p>Сөйтіп, Ескендір бұзауын үйіне айдап қайтты.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Балалар, сонда біз әртүрлі дыбыстар естідік, біз дыбысты қайтеміз. Біз дыбысты естиміз.</li> </ul> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сергіту сәтін өткізу</li> <li>2. Педагог балаларға дыбыс пен әріп туралы түсінік береді.</li> <li>3. Дәптермен жұмыс.</li> </ol>	<p>тырысады.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл жасай отырып орындайды.</p> <p>Тапсырманы түсініп орындайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс орындайды.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өтілген дыбыстарды қайталау.</li> <li>2. Балалардың жауаптарын ескере отырып мадақтау.</li> <li>3. «Біз бақытты балдырған» әнімен оқу іс-әрекетін аяқтау.</li> </ol>	<p>Тапсырмалар мен сұрақтарды түсінеді , жауап беріп орындайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:** дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырата алуды қалыптастыру.

**Білуі тиіс:** дыбыстың таңбасы әріп екенін біледі.

**Түсінігі:** дыбыстардың түрлерін, әріптердің таңбалануын түсініп біледі.

**Көрсете білуі:** сөздерге дыбыстық талдау жасау арқылы дыбыстарды ажыратады.

## Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Л л әрпін жазамыз

**Мақсаты:** л дыбысы және әрпімен таныстыру. Л дыбысы келетін сөздерге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстыртып, сөйлем құрату арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Оқу - әрекеті барысында мал төлдеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Ынталандыру.</b> <b>Сезімді ояту</b></p>	<p><b>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</b> Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректі, Сөздің бәрі ақ тілек.</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</p>
<p><b>Ізденістер.</b> <b>Ұйымдастырушы</b></p>	<p><b>1-тапсырма.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мынау не?</li> <li>• Лақ қай малдың төлі және ол қалай дыбыстайды?</li> <li>• Лақ сөзінде неше дыбыс бар?</li> <li>• Лақ сөзін буынға бөлейіп көрейік?</li> <li>• Неше буын бар?</li> <li>• Сөздің басында қандай дыбысты естіп отырсыңдар? (Хормен айтқызу)</li> <li>• Л қандай дыбыс?</li> <li>• Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейді?</li> </ul> <p><b>2-тапсырма.</b> <i>Піл, лимон, балық</i> суреттері көрсетіледі. <i>Піл, лимон, балық</i> сөздерін буынға бөлдіру және дыбыстық талдау жасатады.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Дәптермен жұмыс. Жазбаша жұмыс орындалу. Дәптердегі үзік сызықтарды қосып л әрпінің кіші және бас әріптерін үлгі бойынша жазады. <i>Лақ, түлкі, гүл</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасап, л дыбысының орнын ажыратады. Бос торкөздегі л дыбысының орнына қарай сөз ойлайды.</p> <p><b>ЛЛЛЛЛЛЛ</b> <b>ллллллл</b> <b>лақлақлақлақлақ</b> <b>пілпілпілпіл</b> <b>лимонлимонлимон</b> <b>балықбалықбалық</b></p> <p>3.Сергіту сәтін өткізу.: Достар тату-тәттіміз, Болса қолда тәттіміз.</p>	<p>Балалар педагогты мұқият тыңдайды.</p> <p>Балдырғанның сұрақтарына барлығы жауап береді.</p> <p>Берілген сөздерді буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс жасайды. Л дыбысын үлгі бойынша жазады.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Дидактикалық ойынды ойнайды.</p>

	Біз бөлісіп жатамыз, Бәріміз дәм татамыз.	
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Кеспе әріптерден <i>а-ла, ал, ол</i> сөздерін құрастырту, осы сөздермен сөйлем құрап айтқызу. Сөйлемдердің сызбасын сызып көрсету. Педагог сабақ қонағы - Балдырғанның білімді балаларға риза болғанын айтып, сабақты қорытындылайды.	Кеспе әріптерден сөздер құрап жазады. Сөйлемдердің сызбасын сызып көрсетеді.

**Күтілетін нәтиже:** л дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** л дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:** л дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** буындарды, сөздерді дұрыс оқып, сөздер құрап, дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Ш әрпін жазу

**Мақсаты:** өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. *Ш* дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың *ш* дыбысы бар сөздерге мысалдар келтіріп, сол сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрату арқылы байланыстыра сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	Педагог балаларға өткен сабақта танысқан дыбыстан қайталатады. -Алдымен дыбыс дегеніміз не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар қалай айтылады? -Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? 1. <i>Ш</i> дыбысы және әрпімен таныстыру. - Балалар, кім <i>ш</i> дыбысына байланысты тақпақ, жаңылтпаш айтып береді? <i>Шана</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды. • <i>Шана</i> сөзін айтып көріңдерші, ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? <i>Ш</i> әрпімен танысу: <i>ш</i> дыбысының баспа түрін көрсетеді. <i>Ш</i> дыбысын ауада жазып көрсетеді. 3.Сергіту сәтін өткізу: Отырып ақ орнымда,	Сұрақтарға жауап береді.  <i>Ш</i> дыбысы туралы білетіндерін айтады.  <i>Шана</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды.  Сергіту сәтін

	<p>Айдын көлді кешемін.          Сен білмесең егер де,          Былай ескек есейін.          4.Тіл ұстарту жаттығуы: Шы-шы-шы          Әкем менің аңшы.          5.Дәптермен жұмыс.  <i>Ш</i> дыбысына байланысты берілген суреттердің аттарын атап, оларға дыбыстық талдау жасайды. <i>Қайшы, шаңырақ, ағаш</i> сөздерінде <i>ш</i> дыбысы қай жерде тұрғанын талдатады, яғни <i>ш</i> дыбысының сөздегі орнын практикалық жолмен түсіндіреді.          «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойыны.          1. <i>Ш</i> дыбысына сөз ойлату, сөзді дұрыс айтқан балаға ұсақ ойыншықтардан бір-бірден беріп тұрады. Сөзді көп әрі дұрыс ойлаған болса, көп ойыншыққа ие болады. Кімнің ойыншықтарының саны көп болса, сол бала ұтады.          Мысалы: <i>шана, шар, шие, шаш, ағаш, машина, шымшық.</i>          Педагог балаларға жұмбақ жасырады.          Тікен-тікентік пісте,          Қысы-жазы бір түсте (Шырша)</p>	<p>орындайды.          Дәптермен жұмыс жасайды.          Ш әрпін үлгі бойынша жазады.          Ш дыбысына сөздер ойлап айтады.          Жұмбақтың шешуін табады.</p>
<p><b>Қорытындылау.          Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>-Шырша сөзі қай дыбыстан басталады?          -Ш дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?          -Неліктен дауыссыз?          -Шана сөзінде қанша буын бар?</p>	<p>Тапсырмалар мен сұрақтарды түсінеді , жауап беріп орындайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:** Ш дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** ш дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:**сөздердегі ш дыбысының алатын орнын түінеді.

**Көрсете білуі:** ш дыбысын қатыстырып буын, сөз, сөйлемдер құрап, сөздерге дыбыстық талдау жасайды

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Дауысты және дауыссыз дыбыстар

**Мақсаты:** балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшелігі туралы түсінік беру.Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыс туралы білімдерін жетілдіру,

Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту, байқағыштыққа тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
---------------------	------------------------	-----------------------

<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	<b>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</b>	<b>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</b>
<p><b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b></p>	<p>Педагог дауысты және дауыссыз туралы түсіндіреді. Кесте пайдаланылады. Дауысты дыбыстар: <i>а, ә, и, о, ө, е, э, у, ұ, Ұ, ы, і, ю, я.</i> Дауысты дыбыстарды жеке-жеке айтқызу. Мысалы: <i>а-а-а, ә-ә-ә, и-и-и, о-о-о, ұ-ұ-ұ, Ұ-Ұ-Ұ, і-і-і, т.б.</i></p> <p>Педагог суреттерді көрсете отырып, балаларға сөздердің мағынасын түсіндіреді. Көбелек, домбыра, орындық, үйрек, т.б. сөздердегі дауысты дыбыстарды тауып, олардың айтылу ерекшеліктеріне назар аударады.</p> <p><b>Сергіту сәтін өткізу:</b> Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық! (<i>Қимылмен көрсетеді</i>)</p> <p>1. <b>«Ұйқасын тап» дидактикалық ойыны</b> Орыннан орынға ауысқан, Ұшқалақ қара ала .... (сауысқан)</p> <p>Бәрі бірдей жұмысқа Шығады кім? (<i>Құмырсқа</i>)</p> <p>1. <b>Дәптермен жұмыс жүргізу.</b> Дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін жаздыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс белгілеуді үйрету.</p>	<p>Мұғалімді мұқият тыңдайды.</p> <p>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды жеке-жеке айтады.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Сөздерді қол шапалақтау арқылы буынға бөліп, ондағы дауысты дыбыстарды анықтайды.</p> <p>Өлеңнің ұйқасын табады.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.</p>
<p><b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>1. Дыбыстық талдау жүргізу. 2. Тірек-сызба бойынша сөйлем құрату. Дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықталады.</p>	<p>Дыбыстық талдау жүргізіп, тірек-сызба арқылы сөйлем құрайды. Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады.

**Түсінігі:** дауысты дыбыстар ашық, дауыссыз дыбыстар тұйықталып естілетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** дыбыстардың белгіленуі мен таңбалануын көрсетеді, сұрақтарға жауап береді.



**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Сс және Уу әрпін жазу

**Мақсаты:** с және у дыбысы бар сөзді оқуға, с және у әрпін жазуға үйрету. У дыбысы кейде дауысты, кейде болатынын түсіндіру. Сөздік қорларын дамытып, көркем жазуға баулу.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Ынталандыру.</b> <b>Сезімді ояту</b></p>	<p>1.Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп Жарып шыққан жүректі, Сөздің бәрі ақ тілек.</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</p>
<p><b>Ізденістер.</b> <b>Ұйымдастырушы</b></p>	<p>С дыбысының айтылуын, қандай дыбыс екенін түсіндіру. С дыбысы айтылған кезде тілдің ұшы астыңғы тіске тіреле отырып белгілі кедергі арқылы шуылдап шығады. С дыбыс – дауыссыз дыбыс. .Әліпбиден а және с дыбыстарын тапқызу. Кеспе әріптен осы әріптерді тапқыза отырып, текшеге буын құрастыру. А, -ас, -са, -ес, -со, т.б. буындардан сөз құрастыру: тас, кес, сан, т.б. <i>Тау, ту, уық, науа, аудың суреттерін көрсетіп, олардың аттарын айтқызу.</i> <b>Сөздік жұмысын жүргізу.</b> <i>Уық - кереге басы мен шаңырақты ұштастыратын ағаш. Науа малдың су ішуіне, жем, тұз жеуіне арналған үлкен, ұзынша астау.</i> Осы сөздердің бәрінде у дыбысының кездесетінін айту. У әрпінің баспа түрімен таныстыру. У әрпін ауада жазғызу. 3.Сергіту сәтін өткізу. Кеспе әріптермен у дыбысы бар сөздерді тақтаға жазу. <i>Ауа, ау, тау, науа.</i> <b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b> У-у-у Желбіреді біздің ту. <b>Дәптермен жұмыс.</b> Әліппе дәптердегі <i>уық, тауық, ұлу</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасату. У дыбысының сөздің басында, ортасында және соңында келетінін түсіндіру. Өткен дыбыстармен у дыбысын қатыстырып, буын, сөздер құратып оқыту. Хормен қайталату. У дыбысы кездесетін сөздері бар өлең жаттату.</p>	<p>Сөздерді буынға бөледі. Кеспе әріптермен берілген сөздерді тақтаға жазады.  Суреттен көрген заттардың аттарын қайталап айтады.  Сөздік жұмысын жүргізеді.  С, У дыбысын ауада, тақтада жазып үйренеді.  Кеспе әріптерін қолданып тақтада сөздер жазады.  Сол сөздерге дыбыстық талдау жасайды.  У дыбысын қолданып, буындар, сөздер құрап айтады.</p>

	<p>Уық деген немене, Уыз жегің келе ме? Уысуыс уаққа, Ақшаны уат. «Кім жылдам?» дидактикалық ойыны. Шарты: допты бірбіріне лақтыра отырып, у дыбысы бар сөздерге мысал келтіреді. Бірекі баланы тақта алдына көздерін жұмғызып тұрғызып, у дыбысын жазғызу.</p>	<p>Өлеңді қайталап, жатқа айтып үйренеді.</p> <p>Ойынды барлығы ойнайды.</p> <p>С, У дыбысын тақтаға жазады.</p>
<p><b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>У дыбысынан басталатын сөздерді табу. Буынға бөлу. Сөйлем құрату.</p>	<p>Буынға бөліп, сөйлемдер құрайды. Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** У дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатындығын біледі.

**Түсінігі:** сөздердегі у дыбысының орнын түсінеді.

**Көрсете білуі:** у дыбысын қатыстырып буын, сөз, сөйлемдер құрап, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** А дыбысы және әрпін жазу.

**Мақсаты:** өткен тақырыпты еске түсіре отырып, а дыбысы және әрпімен таныстыру. Балаларға а дыбысы кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстыртып, сөйлем құратқызу арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b></p>	<p>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</p>
<p><b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Балалар қазір жылдың қай мезгілі?</li> <li>• Қай ай?</li> <li>• Аптаның қай күні?</li> <li>• Балалар, біз өткен оқу іс-әрекетіндегі дыбыс туралы не білетіндерімізді еске түсіріп көрейікші.</li> <li>• Дыбыс дегеніміз не?</li> <li>• Дыбыстар нешеге бөлінеді?</li> <li>• Дауысты, дауыссыз дыбыстарды қандай текшелермен белгілейміз?</li> <li>• Ал әріп дегеніміз не</li> <li>• ріп дегеніміздыбыстарды таңбалау.</li> <li>• Әріпті көреміз, жазамыз, оқи аламыз.</li> </ul>	<p>Балалар педагогпен бірге сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Суретпен жұмыс жасайды.</p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ал, балалар, мен сендерге қазір жұмбақ жасырамын.</li> </ul> <p>Жаңада бар, ескіде жоқ, Танада бар, ешкіде жоқ. Жауабы: <i>а</i> дыбысы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мынау ненің суреті?</li> <li>Алма деген сөз қай дыбыстан басталып тұр?</li> <li><i>А</i> дыбысы дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па?</li> <li>Неліктен дауысты дыбыс?</li> <li>Ал осы алма сөзін қандай текшелермен жазуға болады?</li> </ul> <p><i>А</i> дыбысының баспа түрін көрсетіп таныстыру. <i>А</i> дыбысын ауада жазып көрсету. <i>А</i> дыбысы кездесетін сөздерді алақанмен шапалақ ұру арқылы буынға бөлгізу. Сергіту сәтін өткізу: Бір, екі, үш, Бойға жинап күш Жалқаулықты тастаймыз, Қане, сабақ бастаймыз. Дәптермен жұмыс жүргізу. а) Сурет бойынша дыбыстық талдау жасату (<i>аю, ата, бала</i>). <i>А</i> дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келетінін мысал арқылы түсіндіру. Дәптердегі <i>а</i> дыбысының үлкен және кіші әріп таңбасын жазып үйренеді. б) <i>Асқабақ, алмұрт</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, <i>а</i> дыбысының орнын айтқызу.</p>	<p><i>А</i> дыбысын ауада жазып үйренеді, көрсетеді.</p> <p>Сөздерді шапалақпен ұрып, буынға бөледі. Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Сурет бойынша дыбыстық талдау жүргізеді. Ребустың шешуін табады</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасап айтады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Балалар, біз бүгін қандай дыбыспен таныстық?</li> <li><i>А</i> дыбысы қандай дыбыс екен?</li> <li><i>А</i> дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіріңдер.</li> </ul>	<p>Сұрақтарға толық жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** *А* дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** *а* дыбысы көптеген сөздерде кездесіп, ашық айтылатынын біледі.

**Түсінігі:** *а* дыбысын басқа дыбыстардан ажыратады, көп сөздер айта алады.

**Көрсете білуі:** сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Ы* әрпін жазу

**Мақсаты:** жаңа ы дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру; ы дыбысы бар сөздер айтып, талдау, сөйлем, сөз туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың сөздік қорларын толықтыру. Жазу дағдысын қалыптастыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	1.Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>2.«Кім білгіш?» ойыны арқылы өтілген дыбыстарды қайталау. Шарты: педагог дауысты дыбысты атаса балалар екі қолдарын жоғары көтеріп шапалақтайды, ал дауыссыз дыбысты атаса, еңкейіп тізелерін шапалақтайды.</p> <p>3.Педагог балаларға сюжетті суретке қарап әңгіме құратады.</p> <p>Бұл – ас бөлмесі. Айжан үстелдің үстін жинады. Ол шыны, қасық, тәрелкелер жуды.</p> <p>-Балалар, енді шыны, қасық, тәрелке, шәйнектерді бір сөзбен қалай атауға болады.</p> <p>-Сөздің басында қандай дыбыс естіледі?</p> <p>Ы дыбысының бас және кіші әріптері көрсетіледі.</p> <p>-Айтылуына қарай қандай дыбыс деп ойлайсыңдар? Жуан айтыла ма, жіңішке айтыла ма?</p> <p>-Демек, ы дыбысы – жуан дауысты дыбыс.</p> <p>Ыдыс сөзіне дыбыстық талдау жасатады.</p> <p>Ы дыбысы қызыл текшемен, д дыбысы көк, ы дыбысы қызыл, с дыбысы көк текшемен белгіленеді.осы текшелер бойынша ыдыс сөзінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екені анықталады.</p> <p>Кеспе әріптермен ыдыс сөзін буынға бөліп жазу, оны оқу.</p> <p>4.Тіл ұстарту жаттығуы: Ыс-ыс-ыс, Келіп қалды қыс.</p> <p>5.Дәптермен жұмыс.</p> <p>Жазу жұмысы. Үлгі бойынша ы дыбысының кіші және бас әрпін бастырып жазады.</p> <p>Торкөздегі ы дыбысының орнына қарай сөз ойлап табады. Торкөзді санап, суретті қайталап салады. Сөзжұмбақ шешкізеді.</p> <p>6.Сергіту сәтін өткізу: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.</p> <p>Кіп – кішкентай балалар, Үп – үлкен боп өседі.</p> <p>Үлестірмелі суреттермен жұмыс жүргізу.</p> <p>7.Қол жаттықтыру жұмысы. Ауада жазу. Дәптерге жазу.</p>	<p>Ойынды ойнап, өткен дыбыстарды еске түсіреді.</p> <p>Сурет бойынша ыдыс сөзін табады.</p> <p>Ы дыбысымен танысады.</p> <p>Ы дыбысының дауысты жуан дыбыс екенін түсінеді.</p> <p>Ыдыс сөзіне дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Кеспе әріптерден буын, сөз, сөйлемдер құрастырады.</p> <p>Жазу жұмысын жазады.</p> <p>Сөзжұмбақты шешеді.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Суретпен жұмыс жасайды.</p> <p>Ауада, дәптерде жазады.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сабақты қорытындылап, сұрақтар қойылады	Сұрақтарға жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** ы дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** ы дыбысының дауысты, жуан дыбыс екендігін танып, біледі.

**Түсінігі:**ы дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келе беретінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** ы дыбысын қызыл текшемен көрсетеді, буын, сөз, сөйлем құрай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Н дыбысы және әрпін жазу

**Мақсаты:** Н дыбысын сөз құрамына бөліп алу, н дыбысын дұрыс дыбыстау, н әрпін үлгі бойынша жазуға үйрету. Балалардың ұшқыр ойлау қабілетін дамыту. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Балаларды мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>1. <i>Нан</i> сөзіне дыбыстық талдау жасату. <i>Н</i> дыбысының дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. Нанның қасиетті ас екені айтылып, <i>обал, сауап</i> деген сөздерге түсінік беріледі. Төмендегі тыйым сөздермен таныстыру: Нанды бір қолмен үзбе! Нан уағын тастама! 2. Педагог жұмбақ жасырады Өзі үлкен жануар, Кірш-кірш етеді, Үстінде бір тауы бар. (Нар) Ішіне кіріп кетеді. (Ине) Н дыбысы қай жерде тұр? <i>Н</i> дыбысына дыбыстық талдау жасап, оның дауыссыз екенін анықтау. Қима әріптерден <i>нан, нар</i> сөздерді құрастыру. 3. «Нан құдіреті» ертегісін ұнтаспадан тыңдату. 4. Сергіту сәтін өткізу: Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. 5. Тіл ұстарту жаттығуы: <i>На-на-на</i> <i>Ең бақытты ана.</i> 6. Дәптермен жұмыс жүргізу. <i>Сандық, нар, күн</i> суреттері бойынша дыбыстық талдау жасалады. Осы сөздердегі <i>н</i> дыбысының орны түсіндіріледі. <i>Н</i> әрпі мен <i>а</i> әрпін біріктіріп буын, сөз құрастырту, оқыту. Мысалы: <i>на, ана, нан.</i> <i>Ана, нан</i> сөздерін салыстыра оқыту арқылы</p>	<p>Н дыбысы туралы танып біледі.</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Н дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуын орындайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс жасайды.</p>

	буынға бөлгізу, <i>нан</i> сөзінің бір буыннан тұратындығын түсіндіру. <i>Н</i> дыбысының кіші және бас әріптер таңбасы дәптердегі үзік сызықтарды қосу арқылы жазу жұмысы орындалады. <i>Балапан, қоян, арыстан</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасалып, ондағы <i>н</i> дыбысының орны ажыратылады. <i>Айна, шана, нан</i> сөздері де осылай талданады. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Үсті тас, асты тас, Ортасында піскен ас. ( <i>Нан</i> )	Апа сөзін буынға бөледі. Ата сөзін е дыбыстық талдау жасайды.  Нан сөзін хормен айтады.
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	- Қандай дыбыспен таныстық? - <i>Н</i> дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз ба?	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** *н* дыбысымен танысады.

**Білуі тиіс:** *н* дыбысының дауыссыз, үнді дыбыс екендігін біледі.

**Түсінігі:** *н* дыбысынан сөздер құрай алады. Сөз ішінен *н* дыбысының орнын табады.

**Көрсете білуі:** сұрақтарға жауап береді. Дыбыстық талдау жасап, буынға бөледі.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Д* дыбысы және әрпін жазу

**Мақсаты:** *д* дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру. *Д* дыбысы кездесетін сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Оқу іс-әрекеті барысында еңбекқорлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Балалар бір-бірімен сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	1. Суреттермен балаларды таныстыру. Қандай дыбыстан басталып тұрғанын тапқызу. <i>Д</i> дыбысы. <i>Д</i> дыбысын ортаға қою. <i>Д</i> дыбысының баспа түрімен таныстыру. Педагог: -Қандай белгімен белгілейміз, дауысты ма, дауыссыз ба? -Кәне, кеспе әріптердің арасынан <i>д</i> дыбысын тауып көрсетейік. 2. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық.	Суретке қарап, <i>д</i> дыбысымен танысады.  Ды бдыбысының дауыссыз дыбыс екендігін біледі.  Сергіту сәтін қимылмен орындайды.  Жұмбақтың шешуін табады.

	<p>3.Жұмбақ жасыру: Сол аяқ пен оң аяқ, Бір түймелі, екі желілі, Кезек оны тебеді. Күйдің көрігі, әннің көлігі. Ол тынымсыз домалап, (Домбыра) Зыр жүгіре береді. (Доп) 4.Дәптермен жұмыс. <i>Д</i> дыбысына мысалдар келтіріңдер. <i>Доға, доп, домбыра, дәптер, дән, бидай, долана, велосипед.</i> Осы сөздерді алақан мен шапалақ ұра отырып буынға бөледі. <i>Доға</i> сөзіне сөздік жұмысын жүргізу. <i>Доға</i> затына түсінік беру.</p> <p>5.Сөздік жұмысын жүргізу. <i>Доп - жел толтырылған резеңке, ойынышық.</i> <i>Домбыра - күй ойнайтын аспап.</i> <i>Дәптер - оқу құралы, жазу жазылады.</i> <i>Дала - жазық жер, алаңқай.</i> <i>Дән - дәнді дақылдардың бірі.</i> <i>Долана - жидектің аты.</i> 6.Сергіту сәтін өткізу.</p>	<p>Сол сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Дәптердегі берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Д дыбысынан сөздер құрастырады.</p> <p>Сөздік жұмысын бірігіп орындайды.</p> <p>Сергіту сәтін жасайды.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>- Қандай дыбыс өткенімізді еске түсіру. - Дыбыстар нешеге бөлінеді? - <i>Д</i> дыбысы қандай дыбыс, қалай белгіленеді?</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** балалардың *д* дыбысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** *д* дыбысының дауыссыз дыбыс болатындығын біледі.

**Түсінігі:**сөздердегі *д* дыбысының алатын орнын түінеді.

**Көрсете білуі:** *д* дыбысынан буын, сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Ғ, Ж* дыбысы және әрпі.

**Мақсаты:** *ғ* дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Балалардың *ғ* дыбысы бар сөз , сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру.</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең

Сезімді ояту		жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<p><b>Ізденістер.</b> <b>Ұйымдастырушы</b></p>	<p>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктемде қандай өзгерістер байқадыңдар ? - Ағаштардан қандай өзгерістер байқадыңдар? - Құстар жайлы не байқадыңдар? - Сендер көктемнің өзгерісін жақсы біледі екенсіңдер.Енді көктем айларын кім атап береді? -Наурыз, сәуір, мамыр. -Бүгін қай күн екенін еске түсірейік <i>Ғ</i> дыбысы туралы түсіндіру. -Балалар, <i>ғ</i> дыбысын айтып көрейік. -Ғ қандай дыбыс? -Неліктен дауыссыз? -Қандай текшемен белгілейміз? <b>Сергіту сәтін өткізу</b>Солға, солға түзу тұр. Оңға, оңға түзу тұр. Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым. Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. <b>Жұмбақ шешу.</b> Жоқ өзінде бас та, Қас та, мойын да. Ұзындығы жазулы тұр бойында.(Сызғыш) <i>Сызғыш</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды. -<i>Ғ</i> әрпін ауада жазып көрсетелік (балалар бірге ілесіп жазады). -Дәл ауада жазғандай, қазір дәптерден үлгіге қарап, үзік сызықтарды қосып, <i>ғ</i> әрпін жазамыз. «Сөйлемді толықтыру» дидактикалық ойыны. Шарты: педагог бірнеше сөйлемнің басын оқиды. Балалар аяқталмаған сөйлемді аяқтайды. Дәптермен жұмыс. Дәптердегі үлгі бойынша <i>ғ</i> дыбысының кіші және бас әріптерін үзік сызықтарды қосу арқылы жазу жұмысы орындатылады.</p>	<p>Балалар топтасып сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Сұрақтар мен тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Сергіту жаттықуын қимылмен жасайды.</p> <p>Жұмбақты шешеді.</p> <p>Дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Дидактикалық ойынды бірлесе ойнайды.</p> <p>Дәптердегі берілген тапсырмаларды орындайды.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау.</b></p>	<p>Қандай дыбыспен таныстық? -Ғ дыбысына сөз ойлаңдар.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p>

**Күтілетін нәтиже:** ғ дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** ғ дыбысының дауыссыз екенін біледі.

**Түсінігі:** ғ дыбысының ұяң естілетінін, дауыссыз екендігін түсінеді.

**Көрсете білуі:** ғ дыбысынан буын, сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.



## Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Р әрпінің жазылуы

**Мақсаты:** өткен әріптерді еске түсіре отырып, ойлау қабілетін дамыту. *Р* дыбысымен таныстыру, *р* дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіру. Дыбыстық талдау жасауға, сауатты жазуға үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b></p>	<p>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</p>
<p><b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b></p>	<p><i>Р</i> дыбысымен таныстыру. <i>Р</i> дыбысы бар буындарды оқыту (хормен) <i>Ра, ре, ру, ро.</i> Педагог бірнеше сөздерді оқиды, балалар <i>р</i> дыбысы кездесетін сөздерді айтады. <i>Р</i> дыбысының сөздің қай жерінде кездесіп тұрғанын және сол сөздерді буынға бөліп айтамыз. Қала, қар, қамыс, қарға, қатық, рақат. Тіл ұстарту жаттығуы: Ра-ра-ра Айжан, шашыңды тара. <b>Дәптермен жұмыс жүргізу.</b> Әліппе дәптердегі радио, торсық, қасқыр сөздеріне дыбыстық талдау жасату. <i>Р</i> дыбысының сөздің басында, ортасында және соңында кездесетіндігін түсіндіру. Өткен дыбыстармен <i>р</i> дыбысын қосып, буын, сөз құрастырып оқыту. Хормен қайталатып оқыту. Әліппе дәптердегі буындар мен сөздерді оқыту. <i>Р</i> әрпін үлгі бойынша үзік сызықтарды қосу арқылы жаздыру. Әліппе дәптердегі соңғы тапсырманы балаға өздік жұмысы ретінде беруге болады. Бос торкөздерге сөз құрастырып жазады. Мысалы: <i>ара, қара, тара, қар, жар</i> деген сияқты сөздерді жазулары тиіс.</p>	<p>Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p><i>Р</i> дыбысының буындарын хормен айтады, оқиды.</p> <p>Жаттығуды бірігіп оқиды.</p> <p>Дәптермен жұмыс жүргізеді. Сөз құрастырады.</p> <p>Сызықтарды қосып жазады.</p> <p>Сөз құрастырып жазады.</p>
<p><b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p><i>Шар, араның</i> суретін көрсетіп, аттарын атату, «<i>р</i>» дыбысын тапқызу, әріп текшелермен осы сөздерді құрастырып жазғызу. <i>-Ра, -ро, -ру</i> буындарын бірнеше рет хормен және жеке-жеке айтқызу.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Тапсырмаларды орындайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:** *р* дыбысымен таныстыру, оның дұрыс дыбысталуы мен оқылуын жетілдіру.

**Білуі тиіс:** *р* дыбысының дауыссыз дыбыстардың қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:** *р* дыбысының үнді, дауыссыз дыбыс екендігін түсінеді.

**Көрсете білуі:** буындарды, сөздерді дұрыс оқып, сөздер құрап, дыбыстық талдау жасайды.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** У, Ш әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** у, ш дыбысы бар сөзді оқуға, у, ш әрпін жазуға үйрету. У дыбысы кейде дауысты, кейде дауыссыз болатынын, Ш дыбысының дауыссыз екендігін түсіндіру. Сөздік қорларын дамытып, көркем жазуға баулу.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Ынталандыру.</b> <b>Сезімді ояту</b></p>	<p>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</p>	<p>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</p>
<p><b>Ізденістер.</b> <b>Ұйымдастырушы</b></p>	<p><i>Тау, ту, уық, науа, аудың</i> суреттерін көрсетіп, олардың аттарын айтқызу. Сөздік жұмысын жүргізу. <i>Уық - кереге басы мен шаңырақты ұштастыратын ағаш. Науа малдың су ішуіне, жем, тұз жеуіне арналған үлкен, ұзынша астау.</i> Осы сөздердің бәрінде у дыбысының кездесетінін айту. У әрпінің баспа түрімен таныстыру. У әрпін ауада жазғызу. 3.Сергіту сәтін өткізу. Кеспе әріптермен у дыбысы бар сөздерді тақтаға жазу. <i>Ш</i> дыбысы және әрпімен таныстыру. - Балалар, кім <i>ш</i> дыбысына байланысты тақпақ, жаңылтпаш айтып береді? Педагог жұмбақ жасырады. Мысалы: Зулап түсіп төменге, Шыға алмас менсіз бөгенге. (<i>Шана</i>) <i>Шана</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды. • <i>Шана</i> сөзін айтып көріндерші, ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? <i>Ш</i> әрпімен танысу: <i>ш</i> дыбысының баспа түрін көрсетеді. <i>Ш</i> дыбысын ауада жазып көрсетеді. <b>Дәптермен жұмыс.</b> <b>«Кім жылдам?» дидактикалық ойыны.</b> Шарты: допты бірбіріне лақтыра отырып, у дыбысы бар сөздерге мысал келтіреді. Бірекі баланы тақта алдына көздерін жұмғызып тұрғызып, у дыбысын жазғызу.</p>	<p>Сөздерді буынға бөледі. Кеспе әріптермен берілген сөздерді тақтаға жазады.  Суреттен көрген заттардың аттарын қайталап айтады.  Сөздік жұмысын жүргізеді.  У, Ш дыбысын ауада, тақтада жазып үйренеді.  Кеспе әріптерін қолданып тақтада сөздер жазады.  Сол сөздерге дыбыстық талдау жасайды.  Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.</p>

<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	У дыбысынан басталатын сөздерді табу. Буынға бөлу. Сөйлем құрату.	Буынға бөліп, сөйлемдер құрайды. Сұрақтарға жауап береді.
---	---	---

**Күтілетін нәтиже:** У дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатындығын біледі.

**Түсінігі:** сөздердегі у дыбысының орнын түсінеді.

**Көрсете білуі:** у дыбысын қатыстырып буын, сөз, сөйлемдер құрап, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Й әрпінің жазылуы

**Мақсаты:** й дыбысы мен әрпін таныстыру, й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Тіл ұстарту мақсатында й дыбысына сөз құрау арқылы балалардың ой ерістерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p><b>Й әрпі</b> Бұл й-дің сөз басында Болмайды көп керегі. Йог пен йодың расында Алдында тек келеді. Соңында ол «ай»-дың да, Соңында ол «тай»-дың да. Тұрады ол ортада «Айбын» менен «Айдын»-да. Өлеңнен й дыбысы кездесетін сөздері тапқызу: <i>йог, йод, ай, тай, Айбын, Айдын.</i> Буынға бөлдіру. Дыбыстық талдау жасау. Й дыбысының дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. Й дыбысы сөздің басында, ортасында және соңында келетіндігін ұғындыру және балалардың өздеріне мысалдар келтіру. Й әрпінің баспа түрімен таныстыру. <b>Дәптермен жұмыс.</b> Сергіту сәтін өткізу. Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық, Бір, екі, үш,</p>	<p>Өлеңді зейін қойып тыңдайды.</p> <p>Өлеңдегі й дыбысы кездесетін сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Й дыбысының сөздегі орнын ажыратады.</p> <p>Й дыбысы кездесетін сөздерді хормен буынға бөліп оқиды.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен көрсетіп</p>

	Орнымызды табайық. ( <i>қимылмен көрсетеді</i> ). <i>Й</i> әрпінің баспа түрін үлгі бойынша үзік сызықтарды қосу арқылы жазғызу. Бас және кіші әріптерін жазғызу. Суретті ребусты шешу. Жауаптары: <i>айна, тай</i> . <i>Айна, тай</i> сөздерінде <i>й</i> дыбысының сөздің қай буынында кездесіп тұрғанын тапқызу.	орындайды.  <i>Й</i> дыбысының баспа түрін сызықтар арқылы қосып жазады, бас және кіші әріптерін жазады.
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Өтілген тақырып бойынша сұрақтар қою	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** балалардың *й* дыбысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** *й* дыбысының дауыссыз дыбыс болатындығын біледі.

**Түсінігі:** *й* дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** *й* дыбысы кездесетін сөздерді буынға бөліп, сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** О, Қ әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** *о*, *қ* дыбысы мен әрпімен балаларды таныстыру. Құрамында *о*, *қ* дыбысы бар сөздерді талдау; *О*, *Қ* дыбысын дұрыстап дыбыстатып, оның таңбасын әрпін таныту, *о*, *қ* дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<i>О</i> дыбысын үш рет хормен қайталап айтқызу. Осы дыбыспен сөздер ойлау ( <i>Ою, орындық, доп</i> ). <ul style="list-style-type: none"> <li><i>О</i> қандай дыбыс? (дауысты дыбыс)</li> <li>Ол сөздің қандай буындарында кездеседі?</li> <li><i>О</i> дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіріңдер. (Балалардың мысалдарын тыңдау).</li> </ul> <b>Сергіту сәтін өткізу:</b> Оң қолымда бек саусақ, Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз, Жапсырып ем бесеуін,	Педагогты мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.  <i>О</i> , <i>Қ</i> дыбысын хормен қайталап айтады  Сергіту сәтін қимылмен орындайды  Дәптермен жұмыс жасайды.

	<p>Бесті беске қосамыз.  <b>Дәптермен жұмыс.</b>  <i>Торғай, ою, қол</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасау.  Дәптердегі үлгі бойынша <i>о</i> әрпінің кіші және бас әрпін жазады.  Ал бүгінгі сабақта <i>қ</i> дыбысымен танысамыз. Оның дауыссыз дыбыс екендігіне түсінік беріледі.  -Дауыссыз дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді?  -Ал біз әріптерді көреміз бе?  <i>Қ</i> дыбысы кездесетін сөздерді буынға бөліп, <i>қ</i> дыбысының орнын тапқызу. Сандық, торсықтың суретін көрсетіп, олардың аттарын айтады, буынға бөлдіреді. Мысалы: <i>сандық сөзі екі буыннан тұрады. Қ дыбысы сөздің соңында кездесіп тұр.</i></p>	<p>Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Тапсырмаларды бірлесе орындайды.</p> <p>О,Қ дыбысының бас және кіші әрпін жазады.</p> <p>О,Қ дыбысынан сөздер құрастырады..</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Өтілген тақырып бойынша сұрақтар қою	Сұрақтарға жауап береді

**Күтілетін нәтиже:** балалардың о,қ дыбысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** о, қ дыбысының дауысты, дауыссыз дыбыс болатындығын біледі.

**Түсінігі:** о, қ дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** о,қ дыбысы кездесетін сөздерді буынға бөліп, сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Д, М әріптерінің жазылуы.

**Мақсаты:** *д, м* дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру. *Д, М* дыбысы кездесетін сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Оқу іс-әрекеті барысында еңбекқорлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Балалар бір-бірімен сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>Суреттермен балаларды таныстыру.  <i>Д</i> дыбысы. <i>Д</i> дыбысын ортаға қою.  <i>Д</i> дыбысының баспа түрімен таныстыру.  Педагог:  -Қандай белгімен белгілейміз, дауысты ма, дауыссыз ба?  -Кәне, кеспе әріптердің арасынан <i>д</i> дыбысын тауып көрсетейік.</p>	<p>Суретке қарап, <i>д, м</i> дыбысымен танысады.</p> <p><i>Д, М</i> дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін біледі.</p>

	<p>Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық. Дәптермен жұмыс. Д дыбысына мысалдар келтіріңдер. <i>Доға, доп, домбыра, дәптер, дән, бидай, долана, велосипед.</i> Осы сөздерді алақан мен шапалақ ұра отырып буынға бөледі. <i>Доға</i> сөзіне сөздік жұмысын жүргізу. <i>Доға</i> затына түсінік беру. Дәптермен жұмыс. а) Суреттегі атаулардың әрқайсысын шапалақ ұру арқылы буынға бөлу. ә) Осы сөздермен бірнеше сөйлем құрату (<i>қамшы, машина, қалам</i>) б) <i>М</i> дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында кездесетінін анықтау. в) Үзік сызықтарды қосып, буындап оқыту. г) Әр қатарға құрамында <i>м</i> дыбысы бар сөздер ойлату (дыбыстық, буындық талдау жасату). Тез әрі дұрыс айтқандарын мадақтау. <b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b> Ма-ма-ма, Жалқау бала болма.</p>	<p>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.</p> <p>Сол сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Дәптердегі берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Д, М дыбысынан сөздер құрастырады.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>- Қандай дыбыс өткенімізді еске түсіру. - Дыбыстар нешеге бөлінеді? - <i>Д</i> дыбысы қандай дыбыс, қалай белгіленеді?</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** балалардың д дыбысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** д дыбысының дауыссыз дыбыс болатындығын біледі.

**Түсінігі:** сөздердегі д дыбысының алатын орнын түінеді.

**Көрсете білуі:** д дыбысынан буын, сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Білім беру аясы:** Қатынас. Күні: \_\_\_\_\_

**Білім көздері:** Сауат ашу (таңдау)

**Тақырыбы:** Б әрпінің жазылуы

**Мақсаты:** б дыбысымен танысу сюжетті сурет бойынша әңгіме құрату арқылы, ибалалардың ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорларын молайту. Б дыбысына қатыстырып сөздер ойлатып талдауға үйрету. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жазу дағдысын қалыптастыру.

		<b>Балалардың іс-</b>
--	--	-----------------------

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>Балаларға ойыншық балта, балғаны көрсетеді. олардың құрал-сайман екенін айту. Осылайша басқа да ойыншықтар: балық, бүркіт, бұғы, бұзау, балапан, бақа және т.б. аттарын атайды.</p> <p>-Осы сөздердің барлығында б дыбысы қай жерде тұр?</p> <p>-Шалбар деген сөзде б дыбысы бар ма?</p> <p>-Енді б дыбысын дауыстап айтып көрейікші, не байқадыңдар?</p> <p>Балалар б дыбысын дауыстап айту кезінде еріндерінің бір-біріне тигенін айтады.</p> <p>-Б дыбысы созып айтуға келе ме?</p> <p>-Олай болса, б дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз дыбыс па?</p> <p>-Дауысты дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстарды ше? (Балалар қызыл және көк текшелерін көрсетеді).</p> <p>Б дыбысынан келетін сөздерді буынға бөліп айтқызу.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>а) <i>Бөрік, барабан, клуб</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы б дыбысының орнын ажыратқызады.</p> <p>ә) Жазу жұмысы.</p> <p>б) кеспе әріптерден б-ның бас әрпі мен кіші әрпі көрсетіледі</p> <p>Сергіту сәтін өткізу: Бала-бала, балақан, Кәне, қайсы алақан?</p> <p>Саусақтарың әйбат, Былай-былай, ойнат.</p> <p>Балаларға б дыбысынан келетін сөздер ойлатқызу, сол сөздерге дыбыстық талдау жасатып, буынға бөлдіру. Б дыбысынан келетін адамның аттарын атау.</p> <p>«Саңырауқұлақ» дидактикалық ойыны.</p>	<p>Балалар сұрақтарға бірлесе жауап береді.</p> <p>Б дыбысы туралы танып біледі.</p> <p>Б дыбысының дауыссыз дыбыс екенін үйренеді.</p> <p>Дәптердегі берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Сурет бойынша әңгіме құрастырады.</p> <p>Кеспе әріптерден сөздер құрап жазады.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Ойынды шарты бойынша ойнайды.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап әдісі арқылы б дыбысы және әрпі туралы алған білімдерін бекіту.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** балалардың б дыбысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** б дыбысының дауыссыз дыбыс болатындығын біледі.

**Түсінігі:** сөздердегі б дыбысының алатын орнын түінеді.

**Көрсете білуі:** б дыбысынан буын, сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Ұ, ң әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** ұ, ң дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа, әдемі жазуға дағдыландыру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Ынталандыру.</b> <b>Сезімді ояту</b></p>	<p>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</p>	<p>Шаттық шеңберін орындайды</p>
<p><b>Ізденістер.</b> <b>Ұйымдастырушы</b></p>	<p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Шыр айналып биші қыз, Билеп-билеп алады. Өз бұрымын беліне, Орап түсіп барады. (Ұршық) <i>Ұршық</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Тіл ұстарту жаттығуы: Ұс – ұс – ұс, Қарлығаш – киелі құс. <b>Дәптермен жұмыс.</b> <i>Ұя, құдық, бұзау</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасау. Ондағы ұ дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне ұ дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келетін сөздерге мысал келтіру. Дәптердегі буындарды, сөздерді оқыту. <i>Аң</i> сөзін буынға бөлу, дыбыстарды ретімен ататып, ң дыбысының қай дыбыстан соң тұрғанын сұрау, оның дауыссыз екенін түсіндіру. -Ң дыбысы қай дыбысқа ұқсайды? Ң дыбысын жеке дыбыстау арқылы, айтылуына көңіл аударту. Бір қатарға н, екіншісіне ң дыбысы бар сөздер ойлап айтуды тапсыру. Ол сөздердегі н, ң дыбысын салыстыра отырып талдау жасау, бұлар қандай дыбыс екенін айтқызу, н әрпінен ң әрпінің айырмашылығы барын түсіндіру, аң сөзін дауыссыз, дауысты дыбыстар белгіленген текшелермен құрап жазу. Сергіту сәтін өткізу. Суреттегі аңдардың қимылын келтіру. Тіл ұстарту жаттығуы: Ың-ың-ың, Қандай биік шың.</p>	<p>Жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін табады. Сөзге дыбыстық талдау жасайды.  Жаттығуды хормен қайталайды.  Дәптердегі тапсырмаларды орындайды  Сөздерге дыбыстық талдау жасап, орындарын ажыратады.  Суретпен жұмыс жүргізеді.  Үзік сызықтарды қосып жазады.  Жаңылпаштарды тез айтуға дағдаланады.  Сергіту сәтін орындайды.  Ойынды ойнайды.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылайды.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** ұ дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** ұ дыбысының дауысты, жуан дыбыс екендігін танып, біледі.

**Түсінігі:** ұ дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келе беретінін түсінеді.



**Көрсете білуі:** ұ дыбысын қызыл текшемен көрсетеді, буын, сөз, сөйлем құрай алады.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Е әрпінің жазылуы.

**Мақсаты:** өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту, дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту, (сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып, игерген білімдерін бекіту. Е дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлатып байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Қолдарын жазуға машықтандыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>1. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Аптаның қай күні?</li> <li>• Балалар, біз сауат ашу сабағында қандай дыбыстармен таныстық?</li> <li>• Дыбыс дегеніміз не?</li> <li>• Дыбыстар нешеге бөлінеді?</li> <li>• Дауысты дыбыстар қалай аталады?</li> <li>• Дауыссыз дыбыстар ше?</li> <li>• Дауыссыз дыбыстарды дауысты дыбыстар сияқты емін-еркін айта аламыз ба? Себебін айтыңдар.</li> <li>• Дауысты дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді?</li> <li>• Өте дұрыс. Өткен сабақтарды жақсы меңгерген екенсіңдер.</li> </ul> <p><b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b> Ыс-ыс-ыс, Болсын мол ырыс.</p> <p><b>Жұмбақ шешу:</b> Егер мен к-ден бастасам, Тісі жоқтың бірімін. К-ні алып тастасам, Аяқкиімнің бірімін. (Кетік - етік) <i>Етік</i> сөзіне дыбыстық талдау жасау және осы сөзді текшелермен жазу. Шапалақ ұру арқылы буынға бөлдіру. Е дыбысынан келетін сөздерге мысалдар келтіру және е дыбысы кездесетін сөздері бар жұмбақ-жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Дәптердегі буындарды, сөздерді құратып оқытады. Барлығы хормен қайталап оқиды. Е әрпін ауада жазып көрсету және балалардың өздеріне ауада жазғызу. Дәптерге жазу.</p>	<p>Балалар педагогтың сұрақтарына толық жауап береді</p> <p>Жаттығуды хормен орындайды.</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Е дыбысынан келетін сөздерді текшелермен жазып, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды. Е дыбысынан буындар, сөздер, сөйлемдер құрастырып айтады.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Ойынды бірлесе ойнайды.</p>

	Сергіту жаттығуын орындату.	
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап ұйымдастыру.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** е дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** е дыбысының дауысты, жіңішке дыбыс екендігін танып, біледі.

**Түсінігі:** е дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келе беретінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** е дыбысын қызыл текшемен көрсетеді, буын, сөз, сөйлем құрай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** К, І әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** : к, і дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, к, і дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу. К, І дыбысын басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. Сурет арқылы заттың атауын білу, ойлау қабілеттерін арттыру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Балалар, қазір қай мезгіл?</li> <li>• Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?</li> </ul> <p>Жұмбақ жасыру: Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады. (Көкек) Жаңа тақырыпты түсіндіру: - Көкек сөзінде бірінші қандай дыбыс? - Кім к дыбысына байланысты адам аттарын атайды? - Енді осы адам аттарында к дыбысы қай жерде тұрғанын талдайық. - К дыбысының айтылу ерекшелігіне тоқталады. - К дыбысы – дауыссыз дыбыс, дауыссыз дыбыс көк текшемен белгіленеді. Сергіту сәтін өткізу. Дыбыстан қашып, Қаққан безек. Қорқақ, жасық, Бұл не? (Көжек) Өтілген дыбыстарды кеспе әліппеден тапқызу. Қала, жан, ана, ата, т.б. сөздерді кеспе әріптермен жазғызып, буынға бөлгізу. Кеспе әріптен і әрпін көрсете отырып, өлең</p>	<p>Сұрақтарға жауап бере отырып, бүгінгі дыбыспен танысады. Жұмбақты шешеді.</p> <p>Педагогты мұқият тыңдайды.</p> <p>К, І дыбысын көк текшемен белгілейді.</p> <p>Өлеңді мұқият тыңдайды, педагогпен бірге қайталап, айтады.</p>

	<p>шумағын оқу: Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? «Бұл – і дыбысы», -деп, әріп таңбаларын көрсету. Айтылу артикуляциясына назар аудару. -І дыбысы жуан айтыла ма, жіңішке айтыла ма? -Дұрыс. Айтылуына қарай қандай дыбыс дейміз? -І жіңішке айтылады. Дауысты дыбыстар жуан, жіңішке болып екіге бөлінеді. Мысалы: ы-і, ұ-ү, а-ә, о-ө.</p>	<p>Дәптердегі берілген тапсырмаларды орындайды. К,І дыбысының кіші және бас әріптерін бастырып жазады.</p> <p>Сергіту сәтін өткізеді.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылайды.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** к дыбысымен таныстырып, түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** к дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына кіретінін біледі.

**Түсінігі:** к дыбысының сөздегі алатын орнын ажыратады.

**Көрсете білуі:** к дыбысынан буын, сөз, сөйлемдер құрастырады, талдау жасай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** И, З әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** И, З дыбысы және әріп таңбасымен таныстыра келіп, балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. И, З дыбысы бар сөз, сөйлем құратып, сөздік қорларын үйрету. балаларды әдемі, таза жазуға үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p><b>Суретпен жұмыс</b></p> <p>-Ит, шие, инелік.</p> <p>-Иә, осы ит, шие, инелік сөздерінде қай дыбыс көп қайталанады?</p> <p>-И дыбысы дауысты дыбыс, қызыл текшемен белгілейміз.</p> <p>И дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі.</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы: Ие – ие – ие,</p>	<p>Суретке қарап ондағы заттарды атайды. Жауап береді.</p> <p>Жаттығуды хормен орындайды.</p>

	<p>Шөгіп жатыр түйе. Дәптермен жұмыс. Жазу жұмысы. педагог <i>и</i> әрпін ауада жазып көрсетеді, балалардың өздеріне жазғызады. Өткен сабақта алған білімдерін пысықтау. Жұмбақ шешу: Ләззатта бар, Жанатта жоқ, Азатта бар, Қанатта жоқ. (3 әрпі) Жауабын тапқан бала сол з дыбысына сөз ойлап айтады. «Сөз ойла, көп ойла» дидактикалық ойыны. Шарты: барлық балаларға жеке-жеке доп лақтырып, доп алған бала сол дыбысқа сөз ойлап айтады. Суретке қарап дыбыстық талдау жасату. <i>Зәуре</i> сөзін шапалақ ұру арқылы буынға бөлу. Тіл ұстарту жаттығуы: Ыз – ыз – ыз, Анар – сүйкімді қыз. Дәптермен жұмыс. <i>Жүзік, зымыран, жұлдыз</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Жазу жұмысы. Педагог <i>з</i> әрпін ауада жазып көрсетеді, балалардың өздеріне жазғызады.</p>	<p>Дәптерде берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Буын, сөз, сөйлем құрайды.</p> <p>И, З дыбысының бас және кіші әрпін бастырып жазады.</p> <p>Ауада, тақтада жазып үйренеді.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сабақта алған білімдері сұрақ-жауап арқылы бекітіледі.	Педагогтың қойған сұрақтарына жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** и дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** И және й дыбыстарының айырмашылықтарын біледі, ажырата алады.

**Түсінігі:** и дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келе беретінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** и дыбысын қызыл текшемен көрсетеді, буын, сөз, сөйлем құрай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Тт , М м әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** өткен дыбысты қайталау, зейінін аудару. Жаңа т, м дыбысымен таныстыра отырып, сөздер ойлатып, оларды дұрыс буынға бөлуін қадағалау. Қолдарын әдемі жазуға үйрету және қызығушылығын арттыру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
---------------------	------------------------	-----------------------

<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	<b>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.</b>	<b>Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.</b>
<p><b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b></p>	<p>Суретпен жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ненің суреті?</li> <li>• Таудың суреті.</li> <li>• Тау сөзінің басында қандай дыбыс естіледі?</li> </ul> <p><i>T</i> - дауыссыз дыбыс. Сондықтан <i>m</i> дыбысы көк түспен белгіленеді.</p> <p>Кеспе әріптен <i>m</i> әрпін тауып, оған өткен <i>a</i> әрпін қосу арқылы буын, сөз құрату: <i>ma,; ата; am.</i></p> <p>«Т дыбысынан басталатын сөз ойла» тапсырмасы. Тас, тай, той, тон, т.б.</p> <p>«Т әрпін тап» дидактикалық ойыны. Шарты: тақтаға өтілген әріптер жазылған кеспе әріптер ілінеді. Балалар әріптердің ішінен <i>t</i> әрпін тауып көрсетеді. <i>T</i> әрпі кездесетін сөздерге мысал келтіреді.</p> <p><i>T</i> әрпін ауада жазу.</p> <p><i>T</i> әрпін бастырып базу.</p> <p><i>T</i> әрпінің кіші және бас әріптерін жазады.</p> <p>Сергіту сәтін өткізу. Дыбыстан қашып, Қаққан безек.</p> <p>Қорқақ, жасық, Бұл не? (Көжек)</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>а) Суреттегі атаулардың әрқайсысын шапалақ ұру арқылы буынға бөлу.</p> <p>ә) Осы сөздермен бірнеше сөйлем құрату (<i>қамшы, машина, қалам</i>)</p> <p>б) <i>M</i> дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында кездесетінін анықтау.</p> <p>в) Үзік сызықтарды қосып, буындап оқыту.</p> <p>г) Әр қатарға құрамында <i>m</i> дыбысы бар сөздер ойлату (дыбыстық, буындық талдау жасату).</p> <p>Тез әрі дұрыс айтқандарын мадақтау.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Суретте не бейнеленгенін айтады.</p> <p>Сөздер, буындар құрайды.</p> <p>Жаттығуды қайталайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Сөздерді хормен қайталайды.</p> <p>Әріптерді ауада, дәптерге жазады.</p> <p>Сергіту сәтін бірігіп орындайды.</p>
<p><b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p><i>T</i> дыбысы бар сөздер ойлап келу</p>	<p>. Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** *t, m* дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** *t, m* дыбысының дауыссыз екенін біледі.

**Түсінігі:** *t, m* дыбысының қысылып, қатты естілетінін, дауыссыз екендігін түсінеді.

**Көрсете білуі:** *t, m* дыбысынан буын, сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.

## Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Ә әрпінің жазылуы.

**Мақсаты:** Ә дыбысы және әріп таңбасымен таныстыра келіп, балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Ә дыбысы бар сөз, сөйлем құратып, сөздік қорларын үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру.</b> <b>Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер.</b> <b>Ұйымдастырушы</b>	<p>Сюжетті ойын. Қатысушылар: Әсел, әже, сәби.</p> <p>Әсел: -Әже, әлди жылады.</p> <p>Әжесі: - Әлди-әлди бөпем, әжең келе жатыр.</p> <p>Әжең «әлдиді» тербетеді...</p> <p>Әсел: - Әже, әлдиді бесіктен шешіп алайық.</p> <p>Әжесі: - Жарайды, шешіп алайық. Көрпесі мен жастығын әкеле ғой.</p> <p>Әжесі мен Әсел әлдиді бесіктен шешіп алады...</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ойынға кімдер қатысты?</li> <li>-Бұл сөздер қай дыбыстан басталады?</li> <li>-Ә дыбысынан.</li> </ul> <p>Ә әрпін кассадан алып, балаларға көрсетеді. ә дыбысын айту кезінде жақ кең ашылып, иек төмендейтінін айтып, оны өзі дауыстап айтып көрсетеді, яғни анық тақа айту үшін артикуляциялық жұмыс жүргізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар, ә дыбысына қатысты тағы қандай сөздер білесіңдер?</li> <li>-Әлім, әңгіме, ән...</li> <li>-Жарайсындар. Олай болса «Әлди бөпем» әнін үйренейік...әнді хормен айтқызу.</li> </ul> <p>Тіл ұстарту жаттығу: Ән-ән-ән, Қамба толы дән.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс:</b> <i>дәрі, әке, әтеш</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы ә дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне ә дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келетін сөздер ойлатады.</p> <p><b>Жазу жұмыс:</b> педагог ә әрпін ауада жазып көрсетеді, балалардың өздеріне жазғызады. Дәптердегі үлгі бойынша ә дыбысының бас және кіші әріптерін жазады.</p>	<p>Өтештің қалай шақыратындығын дыбыстайды.</p> <p>Сюжетті ойынды белсене орындайды.</p> <p>Осы ойын арқылы ә дыбысын танып, біледі. Ә дыбысын хормен дыбыстайды.</p> <p>Әнді хормен айтады.</p> <p>Жаттығуды орындайды.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Жазу жұмысын орындайды.</p>
<b>Қорытындылау.</b> <b>Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақтар мен тапсырмалар арқылы сабақты қорытындылайды.	Сұрақтарға толық жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** ә дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** ә дыбысының дауысты, жіңішке дыбыс екендігін танып, біледі.

**Түсінігі:** ә дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келе беретінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** ә дыбысын қызыл текшемен көрсетеді, буын, сөз, сөйлем құрай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Ө ө әрпінің жазылуы*

**Мақсаты:** ө дыбысы мен әрпімен балаларды таныстыру. Құрамында ө дыбысы бар сөздерді талдау; *Ө* дыбысын дұрыстап дыбыстатып, оның таңбасын әрпін таныту, *ө* дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>Ө дыбысымен таныстыру</p> <p>Буындарды оқыту: - өс, - өк, - өр.</p> <p>Ө дыбысына байланысты жұмбақтар жасыру.</p> <p>Сарғайып отсыз піседі, Үзіліп жерге түседі. (Өрік)</p> <p>Ө дыбысына байланысты тақпақ үйрету</p> <p>Өткел бар көше астында, Жерасты екі арада.</p> <p>Өрілген қымбат тас мұнда Шамдары тұтас самала.</p> <p><b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b></p> <p>Өс – өс – өс , Құстар бізге дос.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b></p> <p>Өрік, өзен, өрнек сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы ө дыбысының орнын ажыратқызады.</p> <p>Ө әрпінің жазбаша түрін ауада жазып көрсету, сонан соң тақтада жазу.</p> <p>Ө әрпінің жазбаша түрін алдымен ауада жазу, сонан соң дәптерлеріне жаздыру.</p> <p><b>«Кім жылдам?» дидактикалық ойыны.</b></p> <p>О-ө әрпін пайдаланып сөз құрату, орындарын ауыстырып, айтқызу.</p> <p>Соз-сөз тор-төр Қол-көл от-өт Жон-жөн он-өн</p>	<p>Педагогты мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Өлеңді қайталап айта</p> <p>Ө дыбысын хормен қайталап айтады.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен орындайды</p> <p>Дәптермен жұмыс жасайды.</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Тапсырмаларды бірлесе орындайды.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	<p>«Әріптер бағына» барған саяхатта не үйренгендерін әңгімелейді.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• <i>О</i> дыбысы дауысты ма?</li><li>• <i>О</i> дыбысы кездесетін сөздерге бірнеше</li></ul>	Сұрақтар мен тапсырмаларды орындайды.

	мысал келтіріп, оған дыбыстық талдау жасату.	
--	--	--

**Күтілетін нәтиже:** балалардың о дыбысы туралы түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** о дыбысының дауысты дыбыс болатындығын біледі.

**Түсінігі:** о дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** о дыбысы кездесетін сөздерді буынға бөліп, сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Ұ, Ү әрпінің жазылуы

**Мақсаты:** ұ, ү дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа, әдемі жазуға дағдыландыру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	1.Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Бір-біріне жақсы тілектерін айтып, жылы лебіздерін білдіреді, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	2.Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Шыр айналып биші қыз, Билеп-билеп алады. Өз бұрымын беліне, Орап түсіп барады. (Ұршық) <i>Ұршық</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды. 3.Тіл ұстарту жаттығуы: Ұс – ұс – ұс, Қарлығаш – киелі құс. 4.Дәптермен жұмыс. <i>Ұя, құдық, бұзау</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасау. Ондағы ұ дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне ұ дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келетін сөздерге мысал келтіру. Дәптердегі буындарды, сөздерді оқыту.  5.Сергіту сәтін орындату. «Ұшты-ұшты» ойыны. -Үкі туралы не білеміз? -Үкі – түнде ғана ұшатын имек тұмсық, үлпілдек майда жүнді жыртқыш құс. - Балалар, үкі де сендер туралы көп нәрсе біледі екен. Үкі сөзінің басында қандай дыбысты естіп тұрмыз? -Ендеше, бүгін біз сендермен ү дыбысы және әрпімен танысамыз. (Баспа түрін көрсету)	Жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін табады.  Сөзге дыбыстық талдау жасайды.  Жаттығуды хормен қайталайды.  Дәптердегі тапсырмаларды орындайды  Сөздерге дыбыстық талдау жасап, орындарын ажыратады.  Суретпен жұмыс жүргізеді. Үзік сызықтарды қосып жазады.  Жаңылпаштарды тез айтуға дағдаланады.



	-Ү дыбысы кездесетін сөздерді айтайықшы. -Үйрек, үй, үйеңкі, үзеңгі, үміт, сүзбе, күз, күшік, күрек, үз, т.б.  Мұндай тапсырма түрлері балалардың ойлау қабілеттерін арттырады және сөздік қорларын толықтырады.	Сергіту сәтін орындайды.
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылайды.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** ү дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.

**Білуі тиіс:** ү дыбысының дауысты, жуан дыбыс екендігін танып, біледі.

**Түсінігі:** ү дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келе беретінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** ү дыбысын қызыл текшемен көрсетеді, буын, сөз, сөйлем құрай алады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Пп, һ әрпінің жазылуы

**Мақсаты:** өткен әріптерді еске түсіре отырып, ойлау қабілетін арттыру.

П, һ дыбысымен таныстыру, п, һ дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіру және осы сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрастыру. Дыбыстық талдау жасауға, сауатты жазуға үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	1. П дыбысы бар буынды хормен оқытқызу: -па, -пе, -пу, -по. Пілдің суретін көрсете отырып, піл туралы білетіндерін әңгімелету. Піл туралы таныстыру. 1. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады . (Пияз) 1. Педагог тақпақ оқып, ондағы п дыбысы кездесетін сөздерді тапқызады. Пайдалы деп , Пияз жеп, Парлады жас көзімнен. «Піссінші біраз», -деп, Пысылдадым төзімнен.	Буындарды хормен айтады. Піл туралы әңгімелейді. Жұмбақтың шешуін табады. Тақпақты мұқият тыңдайды. Педагогпен бірге қайталайды. Суреттерге қарап

	<p>1. <i>Піл, партаның</i> суреттерін көрсетіп сипаттап айтқызу, <i>п</i> дыбысының сөздің қай жерде тұрғанын тапқызу, әріп текшелер осы сөздерді құратып жазғызу.</p> <p>«Маған таныс емес сөз» дидактикалық ойыны. Шарты: педагог бірнеше сөзді айтады. Балалар өздеріне таныс емес сөзді тауып айтады. Мысалы: <i>алма, асық, қала, қаһар, хат.</i></p> <p><i>Қаһар</i> сөзіне сөздік жұмысын жүргізу. <i>Қаһар</i> – ашу, ыза, айбар. <i>Қаһар</i> сөзіне дыбыстық талдау жасалады.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p><i>Айдаһар, жиһаз</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы <i>h</i> дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне <i>h</i> дыбысының сөздің басында, ортасында келетін сөздер ойлатады.</p>	<p>сөздерді қайталау. Текшелерден сөз құрап жазады.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Ауада жазады. Буынға бөледі.</p> <p>Дыбыстық талдау жасайды.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылайды.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** п, h дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** п, h дыбысының дауыссыз екенін біледі.

**Түсінігі:** п, h дыбысының қысылып, қатты естілетінін, дауыссыз екендігін түсінеді.

**Көрсете білуі:** п, h дыбысынан буын, сөз құрап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Яя, Юю* әрпінің жазылуы

**Мақсаты:** дыбыстар туралы балалардың ұғымдарын кеңейту. Сөздік қорын молайту. Аталған дыбыстар сөздің қай буынында кездесетінін білдіру. Ойын ойнату барысында игерген білімдерін бекіту. Сөзге дыбыстық талдау жасату. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	1. Жұмбақ жасыру: Шымшып алады қолсыз, Сырғанақ жоқ онсыз. (аяз) -Аяз қай мезгілде болады? -Ондай болса кім айтады қазір жылдың қай кезі екен? -Қыстың қай айы? -Аптаның қай күні?	Жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін табады. Педагогтың қойған сұрақтарына жауап беріп, я,ю дыбысын таниды.

	<p>Бүгін біз сауат ашу сабағында я дыбысымен танысамыз. Дыбыстың әріптен айырмашылығы қандай?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Я дауысты дыбыс, екі дыбыстан (и+а) тұрады.</li> <li>• Мына суретте нені көріп тұрсындар?</li> <li>• Қоян.</li> <li>• <i>Қоян</i> сөзін буынға бөлейікші.</li> <li>• Сендерге қай буындағы дыбыс таныс емес?</li> <li>• Олай болса я дыбысымен танысайық.</li> </ul> <p>Ол – дауысты дыбыс. Сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі және буын құрай алатын дыбыс екен.</p> <p>Бүгін біз сабағымызда ю дыбысы және әрпімен танысамыз. Дыбысты естиміз, бірақ көрмейміз. Дыбыстар нешеге бөлінеді?</p> <p>-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?</p> <p>-Ал дауыссыз дыбыстар ше?</p> <p>-Өте дұрыс. Өткен сабақты қайталап шықтық, ал бүгін біз ю дауысты дыбысымен танысамыз. Ю дыбысы бар сөздерді айтып көрейікші: аю, ою, жию, тою, тию, юла, қию.</p> <p>2.Педагог төмендегі үлгідей бір шумақ өлең оқып, өлеңнен ю дыбысы кездесетін сөзді тапқызады.</p>	<p>Суреттегі қоян сөзін буын,а бөліп, ондағы дыбыс санын табады.</p> <p>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды. Ондағы буындардан сөздер құрайды.</p> <p>Я,ю әрпін ауада, тақтада жазады.</p> <p>Сергіту жаттығуын орындайды.</p> <p>Жұмбақтарды шешіп, сөздерді талдайды.</p>
<p><b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b></p>	<p>«Баспалдақ» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: я,ю дыбысына мысалдар келтіру. Көп сөз құраған бала неғұрлым баспалдақпен жоғары көтеріледі.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:** я,ю дыбысымен таныстырып, я,ю дыбысы туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Білуі тиіс:** я,ю дыбысының қос дыбыстан құралғанын біледі.

**Түсінігі:**я,ю дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездесе беретінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** я,ю дыбысын қатыстырып буын, сөз, сөйлемдер құрап, қызығушылығы артады.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Хх, Вв әріптерінің жазылуы

**Мақсаты:** х, в дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балаларды х, в дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына көңіл бөлу, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілетін, қиялын, зейінін дамыту. Қолдарын жазуға жаттықтыру.

		<p><b>Балалардың іс-</b></p>
--	--	------------------------------

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Жылы лебіздерін білдіріп, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>Педагог алдыңғы сабақтарда өтілген дыбыстар туралы алған білімдерін «Сөз құра, көп құра» дидактикалық ойыны арқылы пысықтайды.</p> <p>Мысалы: а-алма, д-доп, дос, дойбы, дөңгелек, қ-қияр, қарбыз, қала, с-сағат, сағыз, т.б.</p> <p>1. Жұмбақтар шешу: Сәлем алып алыстан, Аяғы жоқ, қолы жоқ, Туысынан таныстан. Жүрмейтұғын жолы жоқ. Келетұғын хат, хабар, (Хат) Қай әріптен басталар? (Х)</p> <p>2. Дәптермен жұмыс. <i>Хат, дәріхана, шахмат</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы <i>х</i> дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне <i>х</i> дыбысының сөздің басында, ортасында келетін сөздер ойлатады. Дәптердегі буындарды, сөздерді құратып оқытады. Барлығы хормен қайталап оқиды. - Бүгін біз <i>в</i> дауыссыз дыбысымен танысамыз.</p> <p>2. Жұмбақ шешу: Бір атым бар – Құлын болып тумаған. Құнан болып өспеген. (Балалардың жауабы: <i>велосипед</i>)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>В</i> дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?</li> <li>• Дауыссыз дыбыс.</li> </ul> <p>Тақтаға бір бала <i>велосипед</i> сөзін текшелер арқылы жазады, қалған балалар орындарында дауыстап айтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Велосипед</i> сөзінде неше буын бар?</li> </ul> <p>3. Дәптермен жұмыс. <i>Вагон, ваза, аквариум</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы <i>в</i> дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне <i>в</i> дыбысының сөздің басында, ортасында келетін сөздер ойлатады. Дәптердегі буындарды, сөздерді құратып оқытады. Барлығы хормен қайталап оқиды.</p>	<p>Дидактикалық ойынды ойнау арқылы өткен сабақты еске түсіреді.</p> <p>Жұмбақтың шешуі тауып, сол сөздерге талдау жасау.</p> <p>Дәптердегі <i>х, в</i> дыбысының бас, кіші әріптерін бастырып жазады.</p> <p>Дәптердегі сөзге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Торкөздегі <i>х, в</i> дыбысына қарай сөздер ойлап табады.</p> <p><i>Х, в</i>-дауыссыз дыбыс екенін біледі.</p> <p>Дидактикалық ойынды ойнау арқылы білімдері артады.</p> <p>Сөйлемдерді көп құрастыруға талпынады.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап әдісі арқылы <i>х</i> дыбысы туралы білімдерін бекіту.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** *х, в* дыбысымен таныстырып, түсініктерін кеңейту.

**Білуі тиіс:** *х, в* дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына кіретінін біледі.

**Түсінігі:** *х, в* дыбысының сөздегі алатын орнын ажыратады.

**Көрсете білуі:** *х, в* дыбысынан буын, сөз, сөйлемдер құрастырады, талдау жасай алады.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Фф, Ее* әрпі.

**Мақсаты:** *ф,е* дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балаларды *ф,е* дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына көңіл бөлу, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілетін, қиялын, зейінін дамыту. Қолдарын жазуға жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p><i>Фонтан, фото, футбол</i> сөздерін буынға бөлдіру. Осы сөздердегі ең бірінші дыбысты айтқызу.</p> <p>3.Дәптермен жұмыс.</p> <p><i>Кофе, фотоаппарат, телефон</i>сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы <i>ф</i> дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне <i>ф</i> дыбысының сөздің басында, ортасында келетін сөздер ойлатады. Дәптердегі буындарды, сөздерді құратып оқытады. Барлығы хормен қайталап оқиды.</p> <p>Жазу жұмысы. педагог <i>в</i> әрпін ауада жазып көрсетеді, балалардың өздеріне жазғызады.</p> <p><i>Телефон, фонтан, футбол</i> сөздерін буынға бөлдіру, <i>ф</i> дыбысының сөздің қай жерінде кездесіп тұрғанын тапқызу арқылы <i>ф</i> дыбысының басқа тілден енген сөздерде кездесетінін айтып түсіндіру. <i>Ф</i> дыбысы сөздің басында, ортасында және <i>фотограф</i> сияқты сөздерде сөздің соңында кездесетінін айту.</p> <p>Жұмбақ шешу: Қысы, жазы бір түсте.</p> <p>Бұл не?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шырша.</li> <li>• Шырша сөзін орысша қалай айтамыз.</li> </ul>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Сөйлемдер құрайды.</p> <p>Сөздерді буынға бөледі.</p> <p>Дәптердегі берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Ондағы буындарды, сөздерді оқып, бастырып жазады. <i>Ф,е</i> дыбысының бас және кіші әріптерін жазады.</p> <p>Тапсырма бойынша <i>ф,е</i> дыбысын қатыстырып сөйлемдер құрайды.</p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Елка.</li> </ul> <p>Е дыбысы және әрпі туралы мағлұмат беру. Е – дауысты дыбыс, екі дыбыстан жасалған (и+о), орыс тілінен енген сөздерде кездеседі. Мысалы: монтер, шахтер, т.б.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Елка сөзінің бірінші дыбысын кім атайды?</li> </ul> <p>Елка сөзіне дыбыстық талдау жасату.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Елка – екі буыннан тұрады: ел-ка, 5-дыбыс, е-екі (и+о) дыбыстан құралған дауысты дыбыс.</li> </ul> <p>2.Сергіту сәтін өткізу: Биік болып өсеміз, Елкалардай жайқалып. Табиғатты сүйеміз, Шетімізден шеберміз. Денемізді бос ұстап, Билеп-билеп аламыз.</p>	<p>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.</p> <p>Жұмбақтардың шешуін тауып, сол сөздерге талдау жасайды.</p> <p>Ф,е дыбысының басқа тілден енгенін түсінеді. Ф,е дыбысын қатыстырып сөйлемдер құрастырады.</p> <p>Ойынды ойнау арқылы сабақты қорытындылайды.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап әдісі арқылы х дыбысы туралы білімдерін бекіту.	Сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** *ф, е* дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** *ф, е* дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:** *ф, е* дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** буындарды, сөздерді дұрыс оқып, сөздер құрап, дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Щщ* әрпі.

**Мақсаты:** *щ* дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балаларды *щ* дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына көңіл бөлу, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілетін, қиялын, зейінін дамыту. Қолдарын жазуға жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру.</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын

<b>Сезімді ояту</b>		қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>1. Жаңа тақырыпты хабарлау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дыбыстар нешеге бөлінеді?</li> <li>- Дауысты дыбыстар қалай айтылады?</li> <li>- Ал дауыссыз дыбыстар ше?</li> <li>- Дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді?</li> <li>- Әріп дегеніміз не?</li> </ul> <p>Щ дыбысының дауыссыз дыбыс екенін және мысалдар келтіру арқылы оның сөздің басында, ортасында және соңында кездесетінін түсіндіру.</p> <p>2. Жұмбақ шешу: Атқарады талай-талай ісінді, Тазалайды киімінді, тісінді. (Щетка) Щетка сөзіне дыбыстық талдау жасау. Щетка сөзін текшелермен немесе кеспе әріптермен жазу. Бұрыш және борщ сөздерін кеспе әріптері арқылы жазғызу.</p> <p>3. Щ дыбысына байланысты жаңылпаш айтқызу: педагог асықпай оқиды. Одан кейін балаларға бірнеше рет қайталатып айтқызу. Бір-екі бала жатқа айтады. Ащы, тұщы сөздерін буынға бөледі. Щ дыбысын тауып, оның сөздің қай жерінде кездесіп тұрғанын тапқызу.</p> <p>Бұрыштың дәмі ащы ма? Борщтың дәмі тұщы ма?</p> <p>4. «Кім жылдам?» дидактикалық ойыны. Шарты: щ дыбысы кездесетін сөздерге мысал келтіру. Көп сөз ойлап тапқан бала жеңімпаз атанады.</p> <p>5. Щетка туралы өлең оқу арқылы олардың түрлерімен таныстыру: Щетка, щетка, щеткалар, Неше түрлі щетка бар. Бірі тісті жуады, Бірі шанды қуады. Тазалық туралы кім мақал-мәтел біледі?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тазалық – терең байлық.</li> <li>• Дені саудың – жаны сау.</li> </ul>	<p>Сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Щ дыбысымен танысады.</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды. Щ дыбысы келетін сөздерден сөйлемдер құрап айтады.</p> <p>Жаңылтпашты шапшаң айтуға үйренеді. Ойынды барлығы ойнайды.</p> <p>Өлеңді мұқият тыңдап, жатқа айтып үйренеді.</p> <p>Мақал-мәтелдерді тыңдап, мағынасын біледі.</p> <p>Сергіту сәтін орындайды.</p>
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақты бекіту.	Сұрақтарға жауап беріп, сабақты аяқтайды.

**Күтілетін нәтиже:** *щ* дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** *щ* дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:** *щ* дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** буындарды, сөздерді дұрыс оқып, сөздер құрап, дыбыстық талдау жасайды.

## Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** *Щц, Цц, Чч дыбысы және әрпі.*

**Мақсаты:** дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балаларды дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына көңіл бөлу, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілетін, қиялын, зейінін дамыту. Қолдарын жазуға жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп Жарып шыққан жүректі, Сөздің бәрі ақ тілек.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	Жаңа тақырыпты хабарлау. - Дыбыстар нешеге бөлінеді? - Дауысты дыбыстар қалай айтылады? - Ал дауыссыз дыбыстар ше? - Дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді? - Әріп дегеніміз не? Щ дыбысының дауыссыз дыбыс екенін және мысалдар келтіру арқылы оның сөздің басында, ортасында және соңында кездесетінін түсіндіру. 2.Жұмбақ шешу: Атқарады талай-талай ісіңді, Тазалайды киіміңді, тісіңді. (Щетка) Щетка сөзіне дыбыстық талдау жасау. Щетка сөзін текшелермен немесе кеспе әріптермен жазу. Бұрыш және борщ сөздерін кеспе әріптері арқылы жазғызу. Ц дыбысын дауысты дыбыстар сияқты созып айта алмаймыз. Сондықтан ц дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде кездеседі. 3.Суретпен жұмыс. - Суретте кімдерді көріп тұрсындар? - Бишілерді, әншілерді (көрермендерді), т.б. - Дұрыс, бишілер де, әншілер де өнер адамдары екен. Олар өз өнерлерін қай жерде көрсетеді? Концерт сөзін буынға бөлдіру, ц дыбысының сөздің қай жерінде кездесіп тұрғанын тапқызу. 4.Сөздік жұмысын жүргізу. <i>Цех – өндірістік бөлімше.</i> <i>Цирк – ойын-сауық көрсететін көпшілік орын. Циркте қолға үйретілген жануарлар,</i>	Щ,ц,ч дыбыстары туралы білетіндерін айтып сабақты бастайды. Сұрақтарға жауап береді.  Щ,ц,чдыбысының дауыссыз дыбыс екенін біледі.  Суретпен жұмыс жасайды.  Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.  Сөздік жұмысын жүргізеді. Жаңа сөздермен танысады.  Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.  Жазу жұмысын жүргізеді.



	<p><i>сайқымазақ және акробаттар өнер көрсетеді.</i></p> <p><i>Цифр – сан ұғымын жазуда белгілейтін таңба.</i></p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p><i>Чемпион, чемодан</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы <i>ч</i> дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне <i>ч</i> дыбысының сөздің басында, ортасында келетін сөздер ойлатады. Жазу жұмысы. педагог <i>ч</i> әрпін ауада жазып көрсетеді, балалардың өздеріне жазғызады.</p>	
<b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b>	Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдері бекітіледі.	Сұрақтарға жауап беріп, қорытындылайды.

**Күтілетін нәтиже:** *щ,ц,ч* дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** *щ,ц,ч* дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:** *щ,ц,ч*, дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** буындарды, сөздерді дұрыс оқып, сөздер құрап, дыбыстық талдау жасайды.

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Көркем жазу

**Тақырыбы:** Ээ әрпі.

**Мақсаты:** дыбыстар туралы балалардың ұғымдарын кеңейту. Сөздік қорын молайту. Аталған дыбыстар сөздің қай буынында кездесетінін білдіру. Ойын ойнату барысында игерген білімдерін бекіту. Сөзге дыбыстық талдау жасату. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Ынталандыру. Сезімді ояту</b>	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
<b>Ізденістер. Ұйымдастырушы</b>	<p>1.Педагог төмендегідей өлең жолдарын оқиды.</p> <p>- Нан !</p> <p>Нанда еңбек, нанда ән.</p> <p>Нанда жұмыс,</p> <p>Нанда сән,</p> <p>Нанда үлкен мән</p> <p>Сондықтан ол – нан!</p> <p>2.Балалар өлең нан туралы екенін айтады.</p> <p>Педагог нанның дастарқанға қысқаша келу жолын түсіндіріп кетеді. <i>Элеватор</i> сөзіне сөздік жұмысын жүргізеді.</p> <p><i>Элеватор – мол астықты сақтайтын және оны желдетудің, салқындатудың, кептірудің, құрғатудың, сұрыптаудың көмегімен сапалық деңгейге жеткізетін ғимарат.</i></p>	<p>Өлеңді назар салып тыңдайды, мағынасын түсінеді.</p> <p>Э дыбысымен танысады.</p> <p>Э дыбысының орыс тілінен енген дыбыс екенін біліп, оның дауысты дыбыс болатынын түсінеді.</p>

	<p>3. Жаңа тақырыпты хабарлау. - Бүгін біз сауат ашу сабағында э дыбысымен танысамыз. Э дыбысын айтып көрейік. - Э-э-э. Э дыбысының дауысты дыбыс екені айтылады.</p> <p>4. Жұмбақ шешу: Өзі тым күшті, Жерді қазып бітті. (<i>Экскаватор</i>)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Экскаватор</i> сөзінде неше буын бар?</li> <li>• <i>Экс-ка-ва-тор</i>.</li> <li>• Э дыбысы сөздің қай жерінде кездесіп тұр.</li> <li>• Сөздің басында.</li> </ul> <p>5. Э дыбысына мысалдар келтіру. Мысалы: экран, электр, т.б. Осы сөздерді текшелермен буынға бөліп көрсету.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Э-кран, э-лектр, экс-ка-ва-тор.</li> <li>• Э дыбысына байланысты кісі аттарын білеміз бе?</li> <li>• Эльвира, Эльмира, Элеонора.</li> </ul> <p>6. Сергіту сәтін өткізу.</p> <p>7. Дәптермен жұмыс. <i>Экскаватор</i> сөздеріне дыбыстық талдау жасатып, ондағы э дыбысының орнын ажыратқызады. Балалардың өздеріне э дыбысының сөздің басында, ортасында келетін сөздер ойлатады. Дәптердегі буындарды, сөздерді құратып оқытады. Барлығы хормен қайталап оқиды. Жазу жұмысы. педагог э әрпін ауада жазып көрсетеді, балалардың өздеріне жазғызады. Дәптердегі үлгі бойынша э дыбысының бас және кіші әріптерін жазады.</p>	<p>Жұмбақтың шешуін тауып, сол сөзді буынға бөледі. Э дыбысының қай жерде тұрғанын айтады.</p> <p>Э дыбысына мысалдар келтіреді.</p> <p>Э дыбысынан келетін адам аттарын тауып айтады.</p> <p>Сергіту сәтін өткізеді, бойларын жазады.</p> <p>Дәптермен жұмыс жасайды. Ондағы э дыбысын бастырып жазып, буын, сөз құрастырады.</p> <p>Э дыбысы келетін сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Сөйлемдер ойлап айтады.</p>
<p><b>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Э дыбысы сөздердің қай жерінде айтылады екен?</li> <li>• Сөздің басында, сөздің аяғында.</li> <li>• Э қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді. Орыс тілінен енген сөздерде ғана айтылады.</li> </ul> <p>Бүгінгі өткен дыбыс туралы білімдері пысықталады.</p>	<p>Сұрақтарға жауап беріп, сабақты айтайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:** э дыбысын танып, біледі.

**Білуі тиіс:** э дыбысының дауысты дыбыстар қатарына жататынын біледі.

**Түсінігі:** э дыбысының сөздің басында, ортасында, кездесетінін түсінеді.

**Көрсете білуі:** буындарды, сөздерді дұрыс оқып, сөздер құрап, дыбыстық талдау жасайды.